ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №02(482) 31 қаңтар 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШ

Оқу ордамыз көптен күткен ерекше мәртебеге ие болды. Ерекше мәртебе еліміздің санаулы жоғары оқу орындарынағана берілген. Солардың қатарына Түркістан қаласында орналасқан университетіміз де қосылды. Бұл айтулы күн оқу орнымыздың тарихында жазылып қалары сөзсіз.

2 бетте

### ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ГАЗ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Университетіміз орталықтандырылған газ жүйесіне қосылды. Енді оқу ғимарттары мен жатақналарымыз көгілдір отынмен жылытылатын болады. Университетіміздің ректоры Б.Абдрасилов және I вице-президент Женгиз Томар жылыту қазандықтарының жұмыстарымен танысып, газ құбырын іске қосты.

3 бетте

### ҰЛЫ АҚЫН АБАЙҒА - 175 ЖЫЛ

Тобықты елі мамыр айынан бастап, Жонға, жайлауға көшеміз деп Шыңғыс тауының сай-саласының көш жүретін кей сайларынан арбамен де асуға боларлық, белгілі асулары арқылы көшкен Құнанбай ауылдары асықпай, аялдап, шөптің сонысын басып, жотадан асып мол сулы, қалың шалғынды, кең қоныстарды жайлайды.

5 бетте

### ҰМЫТШАҚ КӨКТЕМ ҮШ ӨЛЕҢНІҢ ҚҰПИ□СЫ

Оқу орнымыздың Қазақ әдебиеті мамандығының 2 –курс студенті Мейір ОРАЗҒАЛИ замандасы Арқалық Әмәлиятұлының «Ұмытшақ көктем», «Үш өлең» атты өлеңдерін талдап, талқылап, құпиясын ашпақ болған сыни мақаласын әдебиетсүйер қауымның назарына ұсынамыз.

8 бетте

# УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕГЕ ИЕ БОЛДЫ







ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Ө.ШӨКЕЕВ

Қаңтар айының 22 жұлдызында облыс әкімі Өмірзақ Естайұлы Шөкеев Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымын құттықтай келді.

— 2020 жыл жағымды жаңалықпен басталды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше мәртебеге ие болды. Осы айтулы оқиғамен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Бауырлас екі елдің достығының айқын көрінісіне айналған осы оқу ордасы еліміздің ең алғашқы халықаралық оқу орны болып саналады, Түркістан үшін университеттің маңызы өте зор. Әрбір қала, әрбір өңір, әрбір мемлекет үшін жоғары оқу орындардың маңызы бар. Бұл университет жас, потенциалы жоғары. Оқытушы-профессор құрамы да іріктеліп, қалыптасқан. Халықаралық статусы бар. Біз, университетті көтермей, Түркістанды көтере алмаймыз. Ерекше статус Алматы, Астана және Түркістандаға университетте ғана бар. Енді барлығымыз жұмылып университеттің болашағына жұмыс жасайық , — деп облыс әкімі университеттің Түркістан үшін маңыздылығына тоқталды.

Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуына университет ұжымының қосар үлесі айрықша екенін, осыдан біраз бұрын өзі атап өткен 4 бағытты бірлесе жүзеге асыру қажеттігін еске салды. Біріншіден, Түркістан – қазақ халқы мен түркі тілдес елдердің ең ірі зиярат және туризм орталығы; екіншіден, Түркістан – әлемдік деңгейдегі қолөнер және шеберлер орталығы; үшіншіден, Түркістан – Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ірі сауда орталығы; төртіншіден, Қожа Ахмет Ясауи – рухани тұлға. Міне, осы 4 бағыт бойынша университет ғалымдарының өзіндік үлес қосатынына сенім артты.



УНИВЕРСИТЕТ РЕТОРЫ Б.АБДРАСИЛОВ

— Екі мемлекеттің шешімімен құрылған оқу ордамыз киелі Түркістанда ашылуының өзіндік тарихи орны бар екендігін білдіреді. Біздің университет негізін Ясауи ілімдерінен алатын, сол кездегі медреселердің жалғасы деп қарасақ та болатын сияқты. Университетіміз Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен ашылды, еліміздің Президенті Қ.Тоқаеватың 2020 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен ерекше статусқа ие болып отырмыз.

Университеттің ерекше мәртебесі бізге академиялық және басқарушылық дербестік бере отырып, диссертациялық кеңес ашып, Ph.D.докторанттарын өзімізде қорғатуға, дәрежесін тағайындауға, білім беру стандарттарын, бағдарламаларының мазмұнын анықтауға және жеке үлгідегі дипломдарды беруге мүмкіндік жасайды.

Білім беру грантының құны да артатын болады. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысын арттыруға және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жаңартуға мүмкіндік береді.

Бұл шаралардың барлығы университетке ғылыми және педагогикалық кадрларды тартуға, осы аймақтың дамуына серпін беріп, оның алдына қойылған мақсаттарға жетуге ықпал ететін болады.

Университет оқытушы-профессорлар құрамы, қызметкерлер мен студенттерді ерекше мәртебеге ие болу қуанышымен құттықтаймын!

ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕ

# КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШ

***Оқу ордамыз көптен күткен ерекше мәртебеге ие болды. Ерекше мәртебе еліміздің санаулы жоғары оқу орындарына ғана берілген. Солардың қатарына Түркістан қаласында орналасқан университетіміз де қосылды. Бұл айтулы күн оку орнымыздың тарихында жазылып қалары сөзсіз. Ерекше мәртебемен құттықтаған құттықтауларды назарларыңызға ұсынып отырмыз.***

## І вице-президентіЖенгиз Томар:



- Бүгін біздің оқу орнымыз үшін өте маңызды күн. Біздің университетіміз ерекше мәртебеге ие болып отыр. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан Түркі дүниесінің ақсақалы Н.Назарбаевтың қолдауына және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевқа алғыс білдіреміз. Университеттің ерекше мәртебесі бізге академиялық және басқарушылық дербестік бере отырып, диссертациялық кеңес ашып, Ph.D. докторанттарын өзімізде қорғатуға, дәрежесін тағайындауға, білім беру стандарттарын, бағдарламаларының мазмұнын анықтауға көп мүмкіндік жасайды. Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесінің жанында, түркі әлемінің рухани астанасында қызмет етіп жатқанымызға қуаныштымыз.

Бүгінгі күні әлемнің бірде-бір мегаполисі бірегей мазмұнмен толтырылған және сұраныска сай кәсіби мамандар даярлауды дамытудың бағыттарын анықтайтын ғылым және білім беру мекемесі болмаса, экономикалық орталық бола алмайды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге, яғни, білім беру сапасын арттыруға, оның халықаралық стандарттарға сай болуына, ғылым мен білімнің интеграциясына баса назар аударып отыр. Бұл, әсіресе, түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы болу және Түркістан облысының білім беру — ғылыми хабы ретінде даму міндеттері тұрған Түркістан қаласы үшін өте маңызды.



**СӘРСЕНБЕК ТҰРТАБАЕВ техн.ғ.докторы, профессор**

- Бүгінгі күн біздің университет тарихында үлкен есте қалатын, ерекше айтулы күн. Барлығымыз бұл жаңалықты естіп қуанып отырмыз.

Болатбек Серікбайұлы, сізге ұжым атынан алғыс айтамыз. Бұл ерекше мәртебені алу жаңалығы, үлкен жаңалықтардың алды болды. Алайда баршаларыңызға мәлім университет ашылған күннен басап қиыншылықтар болмады емес, болды. Сол қиыншылықтарды жеңіп шығып, жүзімізге қуаныш үйірілді. Бұл мәртебеге ие болуға университетте қызмет еткен барлық ректорлар жұмыс жасады. Қол жеткізе алмай жүрген жетістікке міне бүгін қол жеткізіп отырмыз. Әрине, бұның барлығы басшылық тараптың төккен тері деп білемін. Бір жарым жыл бұрын ректорлыққа тағайындалған Болатбек Серікбайұлы аз ғана уақытта университет деңгейін жоғарлатты. Мен, сізге өз әріптестерімнің және өзімнің атымнан алғыс айтамын. Бұл күн ерекше есте қалары сөзсіз. Тарихта қалатын күн!



**ДОСАЙ КЕНЖЕТАЙ филоософия ғ.д, профессор:**

- Ерекше мәртебе оқу орнымызға дербес өзінің дипломы болуына, диссертациялық кеңес ашуға, PhD мамандықтарын дайындауда жеке еркіндік береді, басқа да мүмкіндіктерге жол ашады. Осындай оқиғалардың барлығы Түркістанның тарихы, түркі исламы өркениетіндегі орны, Елбасымыздың аударған назарының нәтижесінде деп ойлаймын.



**БАЛҒАБАЙ НАКИПОВ, ардагерлер кеңесінің төрағасы:**

- Көптен күткен мәртебеге Болатбек Серікбайұлының басшылығымен жетіп отырмыз. Алғаш келген кезде алдыңғы қатарлы оқу орындарының қатарына көтерілеміз деген сөзін іспен дәлелдеп отыр. Сізге ардагер-ұстаздарымыздың атынан алғысымды білдіремін. Университетте 186 ардагер бар екен, оның 83-і қызметін жасап келе жатыр. Олардың барлығы дерлік ғылыми дәрежелі ұстаздар. Ардагер-ұстаздар университеттің өркендеуіне қызмет ете берміз. Ұжымның ынтымағы артып, бірлігі нығая берсін. Бүгінгі қуанышымыз құтты болсын!



**ҰЛАН ӘБЖАН студенттер ректоры:**

- Жақында берілген Ерекше мәртебені естіген барлық студенттер қуанып жатырмыз. Оқу орнымыздың мәртебесін орнықтыру, мойындату оңай шаруа емес. Ол ұжым мүшелерінің бекем бірлігінің, қажыр қайратының, ізденістерінің,төккен терлерінің жемісі. Осындай ерекше мәртебесі бар оқу орнында білім алу біз үшін үлкен мүмкіндік деп білеміз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып бізге артқан сенімді абыроймен атқаруға, университет имиджін көтеру үшін күш-жігерімізді салатын боламыз. Терең тарихтан - жарқын болашаққа нық сеніммен қадам басатын боламыз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ

УКАЗ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Подлежит опубликованию в Собрании актов Президента и Правительства Республики Казахстан

О внесении дополнения в Указ Президента Республики Казахстан от 5 июля 2001 года № 648 «О присвоении особого статуса высшим учебным заведениям»

ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Внести в Указ Президента Республики Казахстан от 5 июля 2001 года № 648 «О присвоении особого статуса высшим учебным заведениям» (САПП Республики Казахстан, 2001 г., № 27, ст. 331) следующее дополнение:

пункт 1 дополнить подпунктом 16) следующего содержания:

«16) Международному Казахско-Турецкому университету имени Ходжи Ахмеда Ясави.».

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня его подписания.

Президент Республики Казахстан К.Токаев

Нур-Султан, Акорда, 15 января 2020 года

№ 241



**ЫРСАЙ ДІЛБАРХАНОВА, биология ғылымдарының докторы, профессор:**

- Бізден бұрын мүмкін осы күнді Қожа Ахмет Ясауи бабамыз да армандаған шығар. Бүкіл түркі дүниесінің қара шаңырағына айналдырған Ясауи бабамыздың рухы. Міне бүгінгі күнде де теңдесі жоқ құрметке ие. Сол бабаның керемет адами қасиеті, сол кездегі білімге қосқан еңбегі Диуани хикметін оқымаған адам жоқ шығар. Сол кісінің аруағына табынған түркі, мұсылман дүниесі әлемде ойып орнын алған жоқ па. Сондықтан шығар қазақ халқының хандары, билері сол кісінің жанынан орын алғандары. Осы күнге жеткеніміз Түркістанда университетті аштырған Елбасымыздың көрегендігі.

Оқу орнымыздың алғашқы ашылған жылдары біраз адамдар ауылды жерде ашылған оқу орнына сенімсіздікпен қараған еді. Содан бері 29 жыл өтті. Міне бүгін аудан орталығы болған Түркістан, облыс орталығына айналып, оқу орнымыз ерекше мәртебеге ие болды. Жас ғалымдар мен жастарға айтарым, білімімізді көтерейік, ағылшын тілін үйреніп барлығымыз төрт тілде сөйлесейік, мәртебеміз одан да биікке көтерілсін. Көк туымыз биікте желбірей берсін. Ерекше мәртебеміз құтты болсын!

# ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ГАЗ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСЫЛДЫ

**Университетіміз орталықтандырылған газ жүйесіне қосылды. Енді оқу ғимараттары мен жатақханаларымыз көгілдір отынмен жылытылатын болады. Университетіміздің ректоры Б.Абдрасилов және І вице-президент Женгиз Томар жылыту қазандықтарының жұмыстарымен танысып, газ құбырын іске қосты.**

Ректор Б.Абдрасилов: – Түркістан қаласының барлығы көгілдір отынмен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқандығы белгілі. Бүгіннен бастап оқу орнымыздың барлық ғимараттары мен жатақханаларымыз газбен жылитын болады. Газға қосылу университет үшін экономикалық және экологиялық жағынан тиімді. Жылу қазандықтарын жабдықтау жұмыстарына Түркия тарапынан қолдау көрсеткен әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз – деп атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

І вице-президенті Женгиз Томар: — Бүгінгі жағдайға өте қуаныштымыз. Ең алдымен оқытушыларымыз бен студенттеріміз үшін тиімділігі зор. Студенттеріміз жылы жерде сабақтарын оқитын болады. Газбен жылыту арқылы экологиямызға тигізетін зиян азаяды — дей келіп, газ қосу жұмыстарының жүргізілуіне атсалысқан әріптестерге алғысын білдірді.



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЮДА

Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ мен Самара мемлекеттік медициналық университеті арасында медицина саласы бойынша білім, ғылым және инновация бағыттарында әріптестік орнату мақсатында Самараға арнайы делегация іс сапармен барды. Делегация құрамында Оқу істері жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов, Ғылымды коммерцияландыру департаментінің директоры Е.Керімбеков, Медицина факультетінің деканы Ы.Молдалиев және Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы М.Жүнісов бар. Делегация құрамы СамММУ ректоры профессор А.Колсановпен кездесіп, екі университет арасындағы байланысты нығайту бойынша келісімдерді жүзеге асыру талқыланды.

Университетіміздің өкілдері СамММУ-дың клиникаларымен, оқу және ғылыми лабораторияларымен, эксперименталды медицина және биотехнология институты, гравитациялық терапия орталығы, арнайы диагностикалық орталық, инновациялық даму институты, технопарк, ілгері зерттеулер орталығы (IT медицина және виртуалды хирургиялық клиника), аккредитациялық және симуляциялық орталық, орталық кітапхана және 20-ға жуық негізгі кафедралар жұмысымен егжей-тегжейлі танысып, басшылар және қызметкерлермен кездесулер өтті.

Сонымен қатар оқу ісі, ғылым және клиникалық жұмыстар жөніндегі проректорларымен, емдеу ісі және стоматология факультеттерінің деканддарымен, жоғары білімнен кейінгі білім беру институты директорымен жекелей салалар бойынша келіссөздер жүргізілді.

Нәтижесінде, академиялық ұтқырлық бойынша ортақ инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу, ортақ ғылыми жобалар мен жарияланымдар жасау және жиындар өткізу, докторанттарға жетекшілік, ілгері және қолданбалы ортақ зерттеулер, инновациялық өнімдер мен қызметтерді дамыту, IT медицина, заманауи инновациялық құрал-жабдықтарды сатып алу, тәжірибе алмасу бағыттары бойынша нақты келісімдер мен жоспарлар жасалды.



# СПАРТАКИАДА ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Оқу орымыздың оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері арасындағы 14.01-24.01 аралығына өткен спартакиада өз мәресіне жетті. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялауын қолдау мақсатында ұйымдастырылған сайыста ұстаздар мен қызметкерлер эстафеталық ойын, волейбол, баскетбол, қол күресі, арқан тарту сияқты спорт түрлері бойынша сынға түскен болатын. Университетіміздің І вице-президенті Женгиз Томар спартакиадаға қатысқан жеңімпаз командаларды құттықтап, осындай спорттық сайыстардың өз дәрежесінде өтуіне атсалысқан ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді. Командалық есеп бойынша І орынды Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі, ІІ орынды Кентау институты, ІІІ орын Әлеуметтік ғылымдар факультеті иеленді.



# ЖЕДЕЛ ДАЯРЛАНАТЫН АСҚА ТӘБЕТІҢІЗ ҚАЛАЙ?

**Жастардың сүйікті асына айналға жылдам дайындалатын тағамдардың саны да, түрі де, сататын дүңгіршектері де көбеюде. Анда-санда жегенде тұрған не бар деп өзімізде дәм татамыз. Зияны жайында жазылып, дәрігерлер айтуындай-ақ айтып жатыр. Осы тағамдар төңірегінде интернет желілерінен білгеніммен бөліспекпін. Кейде не болса соны жегеннен, аш жүргенің жақсы екен деген ой туады.**

Фастфуд Америкада 80-90 жылдары кең етек алған, яғни «жүгіріп жүріп тамақтану» дегенді білдіреді. Алғашында Фастфуд тағамдары үйсіз, күйсіз қаңғыбастарға берілетін болған. Кейінірек тұтынушы саны көбейгеннен кейін, фастфуд дайындауға ең мықты деген мейрамханалар да көше бастаған. Деректерге жүгінсек, қазірде қазақстандықтардың 35 пайызы тез даярланатын тағамдарды тұтынуға құштар. Бұған бір жағы уақыттың тапшылығы, жұмысбастылық себеп болса, енді бір жағы тез даярланатын тағамдарды пайдалану арқылы елдер қаржысын да үнемдейтін көрінеді.

Енді фастфудттың құрамына үңіліп көрейік. Мұндай тағамдарды дайындау үшін қолданатын қоспалардың құрамында модификацияланған жануарлар мен өсімдік майларынан жасалған эмульсия өте көп мөлшерде болады. Жасанды изомерлі май қышқылдары оларды қолдану арқылы дайындалған тағамдардың жарамдылық мерзімін ұзартады. Бұл транс майлар жүйке жүйесінің бұзылуын тудырады және тағамға деген тәуелділікті тудырады. Оның соңы салмақ қосуға әкеледі. Фастфудтың құрамында тұз көп және химиялық жолмен жасалған стимуляторлар бар. Егер бұл дәмдеуіштерді қоспаса ол дәмді болмайды. Егер суып қалған фастфудты жеп көрсеңіз, резеңке секілді болады. Сондықтан химиялық қоспалардың әсері ыстық кезінде ғана болатындықтан, оны ыстықтай ұсынады.

Диетолог дәрігерлер семіздікке апаратын қауіпті тағамдар қатарына энергетикалық газды сусындарды атайды. Сол сияқты шала піскен картоптардан жасалған чипсылардың құрамында да шектен тыс майлар мен адам ағзасына кері әсерін тигізетін зиянды дәмдеуіштер барын да ескере бермейміз. Медицина мамандарының айтуынша фастфуд тағамдарын жиі тұтынатындар диабет, жүрек қан тамыры, бауыр, қатерлі ісік т.б ауруларға жиі шалдығады екен. Әсіресе жас балалардың ми қыртыстарын бұзып, ақылының жұмыс жасауына кері әсерін тигізетін көрінеді. Британдық ғалымдардың айтуынша жас өспірімдердің күнделікті қайнатылған тағамды жегендерден, фастфудқа әуестердің ойлау қабілеті анағұрлым төмен көрсеткішке болады екен.

Балалардың сүйіп жейтін иогурт пен балмұздақты да жиі пайдаланбаған дұрыс.

Біздің ойымызша, йогурт суттен жасалғандықтан адам ағзасына пайдасы үлкен деп есептейміз. Өкінішке орай иогурттың құрамы реттеуіш, қоюландырғыш, иістеуіш сынды қоспаларға өте бай екен. Ал балмұздақ ағзадағы зат алмасуды баяулататын күшке ие.

Ең зиянды тағамдардың тізімін енген Ет консервлері мен шұжықтардың ағзаға пайдасы шамалы деп жатады. Шұжықтардың құрамында соядан жасалған немесе жануар тектес ет, май өнімдерінен деген жазудың астарына үңіліп көрейік. Сояны дайындайтын ұнтақты шетелден алдырады. Осы ұнтақтан соя дайындайды екен. Сояға деген сұраныс өте жоғары. Тұтынып отырған тағамдарыңыздың құрамында соя өнімінсіз дайындалатыны аз. Оның құрамында не бар екенін шығарушы ғана біледі. Егер, таза өнімнен болса оның зияны бола қоймас.

Енді «жануар тектес өнімде» дегенге келсек, малдың терісінен дайындалған ет, май өнімдері екен. Осыдан кейін пайдасын өздеріңіз ұғына беріңіздер. Қазір базарда 1 кг еттің бағасы 1900 тг. Ал шұжықтың кг бағасы 500 тг басталады. Құрамында одан басқа түрлі консерванттарды айтпай-ақ қоялық.

Мерекелеріміз тәттісіз өтпейді. Шәйді тәтті тоқашпен ішкенге не жетсін. Дегенмен де тәтті печенье,торттың құрамында міндетті түрде маргарин майы қосылатынын біле жүргеніміз дұрыс. Ең зиянды майлардың барлығы маргариннің құрамынан табылады. Сондықтан, маргарин қосылған тағамдардың барлығы зиянды. Көшеден сатып алынған торт пен тәтті тоқаштарды көп жеген жағдайда семіздіктен құтылу мүмкін емес.

«Жедел дайындалатын кеспе» деп аталатын жартылай дайын кеспелерінің адам миына зияны айрықша екен. Қайнаған су құйып, үш-бес минутта дайын болатын «Роллтон»,«Доширак» деп аталатын сансыз атаулары бар осы кеспені жиі тұтынса, кеспедегі қоспалар адамның миына барып жинала береді екен. Бара-бара әлгі қоспалар томпайып ісік тәрізді болып адам миында қатып қалатын көрінеді. Дамыған және дамушы елдерде бұл өнімді тұтынбайды десе де болады. Ал бізде бұл өнімдер әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, студенттер мен жасөспірімдердің күнделікті тұтынатын тағамына айналған десек те болады.

Мамандардың пайымдауынша, қазақы сусын шұбат пен қымыздың пайдасы мол екені әлдеқашан дәлелденген. Бірақ мұны түсінгенмен, өнімнің қымбаттығы көпшіліктің қалтасы көтермейді. Соңғы кездері қазақтың тағамдары оның ішінде еттің адам ағзасына пайдалы екендігі айтыла бастады. Өз ұлттық тағамдарымызды насихаттап, жандандыруымыз қажет.

Дайындаған:
Эльмира ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ

ӨНЕГЕ

# ҚАЗІРГІ ЖАСТАР АБАЙДЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕДІ?

**Толғанай БАТЫРХАН**
студент

Абай тек XIX ғасырдың емес, бүгінгі күннің де ақылшы тұлғасы деп білемін. Өйткені Абай десе көкірегін мақтаныш кернемейтін қазақ жоқ. Соның бір дәлелі президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласының жарық көруі.

**Бектас ДИНАР**
студент

Абай - Қазақтың болашағы үшін қам жеп, тығырықтан шығар жолдарын ұсынып, ащы шындықтарды қозғап, әділетсіздікпен күрескен, қазақтың маңдайына біткен біртуар тұлға.

**Аяжан БАХТИЯРОВА**
студент

Абай басқа ақындарға қарағанда өзінің қара сөздерімен ерекшеленетін ақын. 45 қара сөзінің әр жолында астарлы ой жатыр. Әр оқығанда өзгеше ой түйетінің анық. Оқып отырып осы өзімнің заманым жайлы айтылғандай әсерде боламын.

**Сандуғаш БЕКТҰРОВА**
студент

«Абайды оқы, таңырқа, басынды шайқа», - деп Сұтанмахмұт Торайғыров айтқандай, ақынның әрбір сөзінде өзекті мәселе жатқандығы еріксіз ойландырмай қоймайды. Менің түсінігімде, Абай – келешектің кемелді болуы үшін, жас ұрпақтың санасына нені сіңіруді білетін адам. Абайдың «Он жетінші қара сөзі» әрдайым санамда жаңғырып тұрады.

**Айгерім АУЕЛ**
студент

Егерде бір ғажайып болып, Абай атамызбен түсімде не өңімде кездесе қалсам, қазақ тәрбиесінде үлкен орын алған салт-дәстүрді, тәрбиені, ұлттық құндылықтарды қазіргі жастарға сіңіру үшін не істеуге болар еді деп сұрар едім.

**Айдана ӘЛІПБАЙ**
студент

Мен Абайды қазақ елінің нағыз жанашыры деп түсінемін. Қара сөздері, өлеңдерінде халқына деген жанашырлығын байқайсың. Бірнеше тіл білген, аудармашы, композитор. Абай 13 жасында ел басқарған екен. Біздің заманымызда өмір сүргенде әділ де, шыншыл басшы болар еді.

# «АБАЙ АРҚЫЛЫ ҒЫЛЫМҒА ТЕРЕҢДЕЙМІЗ»

09 қаңтар 2020 жылы Мемлекет басшысының "Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан" атты мақаласында қадау-қадау етіп айтқан өзекті ойларға бойласақ: "Абай жырларын оқу челленджі жаңаша жанданады деп сенемін". Бұл арқылы Президент өткен жылғы Абай шығармаларынан үзінділі биыл жаңаша жалғастырса деген ойды айтты. Яғни Абай өлеңдерін құр мақтан үшін оқу емес, оқу сосын оны ойға тоқу керек. Абайды оқу, ұғып, түсініп, қайта-қайта оқу. Абайды оқуменен ғана шектелмеуіміз керек. Абайды түсініп, шын танып оқыған сайын Абай арқылы ғылымға тереңдейміз. «Абай - Алланың қазаққа, қазақ арқылы адамзатқа тарту еткен сыйы ғой. Абайды аспандаған асқақ, менмен, білгіш көңілмен оқымау керек. Білім, ақыл, Абай алдындағы аласалығыңды сезініп, мойындап кішіпейілдікпен оқу керек. Ақылды, иманды ұлтқа айналудың амалы - тағы да Абайды оқу»- дейді ғалым М.Әліпхан. Демек мақтан үшін Абайды оқу керек емес, Абайдың ойларына бойлау үшін оқу керек Абайды дер едік.

Ілгерілеудің негізі – білім мен ғылымда. Президентіміз Абайдың тілге байланысты айтқан тұжырымдарына тоқтала келіп, қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің мәртебесі басты назарда болу керектігін қадап айтқан. Тілдің мәртебесін тек ұлт жанашыры ғана көтере алады. Патриотизм деген тек ұлтым, тілім, жерім, елім деген құр айқайдан тұрмайды. Қазақ тілін біз айқаймен сақтап қала алмаймыз. Қазіргі таңда орта буынның қазақ тілін білмеуі, білгісі келмеуі – мемлекеттегі үлкен мәселе. Бұл ұрпақ өздерін «бұған біз кінәлі емеспіз» деп ойлайды. Иә, сол кезеңдегі саясаттың кесірінен этникалық қазақ азаматтар өз ұрпағын орыс мектептерінде оқытты. Менің түсінбейтін нәрсем ешқандай орыс келіп балаң орыс мектебінде оқысын деген шарт қойған жоқ. Қазақ ұлты бұған өз еркімен барды (құлдық сананың бір көрінісі). Және мұны мақтаныш санады. Қазір де қала қазақтарының көбі балаларын орыс тілінде, керек десеңіз ағылшын, қытай тіліндегі мектептерге беруде. Отанға, елге, жерге, ұлтқа деген махаббат тіл арқылы келетіні анық. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның патриоттарын тәрбиелейміз десек – ең алдымен қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек, білім беру саласын дұрыстауымыз керек. «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін»- дегендей, қазақ тілін тек қана қазақтар сақтайды. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш мақалада Абайдағы «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керектігін атап өтті. Ғалымдардың алдына іргелі зерттеудің тақырыбын ұсынды. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. "Толық адам" концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін",- айтып өтті.

Тоты КӨШЕНОВА



# Ұлы ақын Абайға - 175 жыл



*Нұрланбекова Р.Б. т.ғ.к., доцент*

Тобықты елі мамыр айынан бастап, Жонға, жайлауға көшеміз деп Шыңғыс тауының сай-саласының көш жүретін кей сайларынан арбамен де асуға боларлық, белгілі асулары арқылы көшкен Құнанбай ауылдары асықпай, аялдап, шөптің сонысын басып, жотадан асып мол сулы, қалың шалғынды, кең қоныстарды жайлайды.

Жердің «жон» деп аталу мәнісі «Сарыарқаның» биік жотасы күншығыста Тарбағатай, Алтай тауынан басталып, солтүстікке Баянауыл тауларына барып жалғасады. Ол жотаның белгісі кей жері биік, кей жері аласа болғанымен, судың ағысын екіге бөліп тұрады. Күншығыс жаққа қарайтын сай-салалардан аққан судың аяғы Ертіс өзеніне құяды. Күнбатысқа қарайтын сайдан аққан су Балқаш көліне құяды. Сондықтан, бұл жотаны Тобықты елі жон деп атайды.

. Жаздың ыстық күндерінде, жон жайлауын жайлаған елдің көкорай шалғын бәйшешегі құлпырып, өсіп, шалғыннан құлын- тайдың жоны қылтылдап қана көрініп, өзені күркіреп ағып жатады. Абайдың «Жаздыгүні шілде болғанда» дейтін өлеңіндегі табиғат көркін жырлауына, толғауына шабыт беретін осы жайлау болатын

Отыз бес жасқа келгенде ғана Абай шығармашылыққа қайта оралады, бұл кезеңде өз өлеңдерін жас достарының атынын шығарады. Тек 1886 жылы, қырық жастан асқан соң «Жаз» деген атақты өлеңін жазғаннан кейін ғана ол шығармаларына өз атын қойды. Абайдың шыққан тегі туралы біршама еңбектер жазылған. Солардың арасында ең беделдісі, әрі толығырақ жазылғаны Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түркі, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деп аталады. Еңбекте «Орта жүздегі Арғынның рулары» деген тарауда көптеген мәліметтер мен деректер келтірілген. Біз тек Абайға қатысты ақынның арғы бабаларынан біраз мәлімет беріп отырмыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай азан шақырып қойған аты - Ибраһим 10 тамыз 1845 жылы қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауы етегінде Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірінен туған. Ақынның арғы тегі Орта жүз тобықты арған ішіндегі Олжай батырдан басталады. Одан - Айдос, Қайдос, Жігітек есімді үш ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай атты төрт ұл туылады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай би болған, оның бәйбішесі Зереден Құнанбай жалғыз. «Оның үлкен қатынынан менің әкем Құдайберді марқұм жалғыз еді. Ол кісі 1866 жылы, барыс жылы 37 жасында сәуір айында дүниеден өтті, мен 8 жасымда жетім қалдым» [1]- деп жазады Шәкәрім қажы. (Шәкәрім Құдайбердиев, Шығармалары,Алматы, «Жазушы»,1988.)

Абай мен Шәкәрімнің әкесі Құнанбай 1804 жылы дүниеге келіп, 1885 жылы тамыз айында 81 жасында дүниеден өтті.

Абайдың шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл-әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы. Жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп «Абай» деп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді. Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден–Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ.

Абайдың «Атадан алтау, анадан төртеу» едім дейтіні осыдан. Ол жас кезінен-ақ ерекше көзге түсіп, келешегінен ерекше үміт күттірген. Сырт көзге момын және сөзге иланғыш, Абай жас кезінен өлең, әңгімеге әуес болды. Ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл-қалжыңға шебер, жөн жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Әжесі Зере бертін келе әңгіме ретінде айтып отырады екен: «Мен Құнашты бір күн дәретсіз емізіп көргем жоқ және омырауымды тазалап жумай, бісмиллә деп айтпай емізген мезгілім болған жоқ,»- дейді.

1873 жылы қайтыс болады. Әжесінің қазасына ақын қатты қайғырып қабырғасы қайыса аза тұтты деседі. Баланың құйма құлағына халықпен ғасырлар бойына қосыла жасасып келе жатқан не қилы ескі әңгімені төгілдіріп айтуы - Абай сусындаған халық әдебиетінің алғашқы үлгілері.

Ақын есейген шағында сағыныштан ба, Зерені ылғи жақсы сөзбен есіне түсіріп, аруағын тебірентіп айтып отыруды әдетіне айналдырыпты. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасында 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Мұнда ол араб, парсы тілдерінде дін сабағынан дәріс алып, үздік шәкірт атанады. Білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран,шағатай (ескі өзбек) тілдерінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарымен танысады.

